

## ЛАГЕРЯ ВТОРОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ: НА ПРИМЕРЕ ТУРКЕСТАНСКОГО ЛЕГИОНА

*Акынова Айгерим Пернебековна*

*Ph.D. Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
050010, Республика Казахстан г. Алматы, пр. Достык, 13*

### ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС КЕЗЕҢІНДЕГІ ЛАГЕРЛЕР: ТҮРКІСТАН ЛЕГИОНЫ МЫСАЛЫНДА

*Акынова Айгерим Пернебековна*

*Ph.D Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Қазақстан Республикасы, Алматы, 050010 Достық 13.*

**Аннотация.** Данная статья посвящена изучению некоторых вопросов Туркестанского легиона. Автор рассматривает предпосылки, этапы формирования легиона и ее деятельность на основе источников и материалов на разных языках. Туркестанский легион это вопрос требующий объективной оценки так как до настоящего времени в период советской власти эта тема рассматривалась с идеологической точки зрения. Легионеры стали врагами народа СССР и имя Мустафа Чокай ассоциировалась как «предатель». Но сами труды Мустафа Чокая и Марии Чокай говорят о другом. Исходя из этого данная тема несомненно представляет научную значимость.

**Андатпа.** Бұл мақала Түркістан легионының кейбір мәселелерін зерттеуге арналған. Автор легионның алғышарттарын, қалыптасу кезеңдерін және оның қызметін әртүрлі тілдердегі дереккөздер мен материалдар негізінде қарастырады. Түркістан легионы – бұл объективті бағалауды қажет ететін мәселе, өйткені Кеңес өкіметі кезінде бұл тақырып идеологиялық тұрғыдан қарастырылды. Легионерлер КСРО халқының жаулары және Мұстафа Шоқай есімі «сатқын» ретінде сипатталды. Бірақ, Мұстафа Шоқай мен Мария Шоқайдың еңбектері бұл ойдың дұрыс еместігін көрсетеді. Осыған сүйене отырып, бұл тақырып сөзсіз ғылыми тұрғыдан маңызды екендігі даусыз.

**Ключевые слова:** Туркестан, история, армия, война, Европа, Россия, легион, батальон, Красная Армия.

**Кілт сөздер:** Түркістан, тарих, әскер, соғыс, Еуропа, Ресей, легион, батальон, Қызыл армия.

---

#### **Мазмұны:**

**Кіріспе.** Ұсынылған мақала Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңіндегі ерекше ғылыми қызығушылықты туғызған Түркістан легионына арналған. Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңіндегі әскери тұтқындарға арналған Еуропадағы лагерлер мәселесі – бұл осы кезеңнің қарапайым ғана тарихи құбылысы ғана емес. Ол ең алдымен, өз еліміздің және тұтастай алғанда кеңестік дәуірдегі түркі әлемі, Орталық Азияның мыңдаған адамдарының тағдырын қамтыған ауқымды оқиға. Осы ойдың айқын дәлелі – құрамында бірнеше ұлттарды қамтыған Түркістан легионы болып табылады.

Түркістан легионы тақырыбы – еліміз тәуелсіздік алған уақытқа дейін іс жүзінде аз зерттелген мәселе. Бұл мәселе кеңестік тарихнамада көбінесе нақты материалдар келтірілмей, біржақты кеңестік идеологиялық бағалау тұрғысынан қарастырылды. Көп жағдайда кеңестік зерттеулерде Түркістан легионына қатысы бар әскери тұтқындарға ел сатқыны деп кінә тағылып, ал Мұстафа Шоқайды оның құрушысы деген жалған айыптаулар басым болды.

Атап өтерлігі, КСРО-ға қайта оралған әскери тұтқындарға қатысты жасалынған тексерулер, озбырлық та кеңестік тарихнамада ашылмады. Бұл әрине кеңестік идеологияның саясатының ұшқындары екендігі даусыз.

Сол кезеңдегі Мұстафа Шоқай мен Түркістан легионына қатысты айыптаулардың негізгі жиыны С. Шакибаевтың «Падение Большого Туркестана» деген кітапта тоғысты. Еңбектің аннотациясында жазылғандай: «еңбек тек құжаттық негізге сүйенген». Бірақ құжаттық негіз келтірілмеген, әрі повесть сипатындағы бұл еңбек тарихи анализі жоқ, көркем әдебиет стилінде жазылған [1].

Түркістан легионын объективті көзқарас тұрғысынан қарастырған өзбек ғалымдары да түркістандық әскери тұтқындардың тағдырына қатысты әдебиетті хронологиялық қағида бойынша келесі екі топқа бөліп қарастырады: кеңес жылдары жарияланған еңбектер мен Өзбекстан Республикасының тәуелсіздігі жылдары шыққан еңбектер [2].

Тәуелсіздік алған тұста Орталық Азия мемлекеттерінде Түркістан легионы, Алаш Орда қозғалысы, Мұстафа Шоқай тұлғасы сияқты мәселелер Орталық Азия мемлекеттерінде объективті тұрғыда қайта қарастырыла бастады. Тіпті, тарихи шындықты ашып көрсетуге түрік ғалымдары да өз үлестерін қосуға тырысты. Мәселен, 2015 жылы Абдукап Караның «Истина Туркестанского легиона – между свастикой и красной звездой» атты еңбегі жарияланды. Бұл кітаптың аннотациясында жазылғандай: «II-ші дүниежүзілік

соғысқа кеңестік армия құрамында қатысқан және неміс фашистеріне тұтқынға түскен түркітілдес жауынгерлер адамзат тарихындағы ең қорқынышты трагедияны бастан кешірді. Осындай қиыншылықты көргендердің қатарында жазушы қырымдық Дженгиз Дагджи болды. Оның әдеби шығармалары мен өмірлік жолы көптеген зерттеулердің негізіне айналды. Бұл кітапта Мұстафа Шоқайдың шығармашылығын зерттеуші Абдуқап Кара соғыс кезінде орын алған Түркістан легионындағы жүз мыңдаған жауынгерлердің трагедиялық тағдырларына тоқтаған және осыларды өзінің көлемді еңбектерінде Дженгиз Дагджи сипаттаған»[3].

Ресейдің өзінде де Түркістан легионына қатысты жаңаша көзқарас тұрғысынан бірең-сараң еңбектер жариялана бастады. Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңіндегі әскери тұтқындар мен олардың тағдыры туралы мәселеде дау туғызған ғылыми зерттеулер жарияланды. Солардың қатарында әскери тұтқындар мен генерал А.А. Власовтың қызметіне қатысты мақалалар жарияланды. Оларда кеңес әскери тұтқындарына қатысты жаңаша дискуссиялық пікірлер білдірілді [4].

Ғылыми мақаланың тақырыбына тікелей қатысы бар еңбектерді жариялауда И. А. Гилязов та - Татарстанның ғалымы өз үлесін қосты. Оның еңбектерінде Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңіндегі түркістандық халықтардың қиын тағдыры талданған. Өзінің докторлық диссертациясында И. Гилязов соғыс жылдарындағы әскери тұтқындардың барлығын «сатқындар» деп атаудың заңсыз екендігіне тоқталып, бұл мәселені жалпы адамзаттық құндылықтар тұрғысынан қарастыру қажеттілігін атап өтеді [5].

Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңіндегі әскери тұтқындар мәселесі Қазақстанда да тәуелсіздік алған тұста жаңаша объективті көзқарас тұрғысынан зерттеле бастады. Мақала тақырыбына тікелей қатысы бар ғалымдардың қатарында Г.К. Көкебаеваның [6], Б. Садықованың [7] еңбектерін атап өту қажет. Мәселен, профессор Г.К. Көкебаева әскери тұтқындар мәселесінің ресейлік тарихнамада саясиландырылғанын атап өте отырып, екінші дүниежүзілік соғыс сияқты ауқымды құбылыстарды зерттеулер аяқталды деп ешқашан айтуға болмайды. Осы оқиғалардың зерттелмеген қырын ашатын соңғы құжат құпия мұрағаттардан табылса да, тарихи бағамдау, түсіндіру мен талдауды қажет ететін мәселелер әлі де қалып отыр [8, б.90].

Осы тұрғыдан алғанда Түркістан легионы мәселесінің қазақстандық ғалымдармен әлі де зерттелуі қажеттілігі айқын болып отыр. Бұл автордың қарастырып отырған тақырыптың ғылыми өзектілігі күмән туғызбайтынын айқындай түседі.

Ғылыми мақалада салыстырмалы – тарихи анализ тағы басқа да әдістер пайдаланылды. Маңызды дереккөздері ретінде Мұстафа Шоқай, Мария Мұстафа Шоқайдың еңбектері пайдаланылды.

#### **Түркістан легионы: құрылу алғышарттары мен қызметі**

Түркістан легионы бұл – гитлерлік Германияның жоспарымен құрылған әскери ұйым. 1941 жылдың 15 қарашасында вермахттың 444-ші қорғаныстық дивизиясының қарамағында төрт ротадан құралған «Түркістан полкі» атты бірінші әскери бөлім құрылды. Құрылған әскери жасақтың құрамына әскери тұтқындарды тарту үшін сөзсіз мықты идеологиялық жұмыс пен беделді көшбасшылар қажет болды. Осы мақсатты жүзеге асыруға Мұстафа Шоқай шақырылды. Оған көмекші болып өзбек Вали Каюм тартылды. Олар концлагерьге барып, әскери тұтқындар алдында сөз сөйледі. Насихаттық жұмыстың нәтижесінде 1942 жылдың ақпанында Легионово (Польша) деген жерде Түркістан легионының лагері құрылды. Барлығы 24 батальон жинақталды. Сонымен қатар, 1944 жылдың қаңтарында «Жаңа Түркістан» мен Партияның қарулы шабуылшы бөлімдері (СС - Sturmabteilung) дивизиясы құрылды.

Шығыс легиондарының құрамындағы Татар легионының тарихын зерттеуші И. Гилязовтың жазуынша, Шығыс легиондарының жекелеген батальондары әскери қимылдарға қатысты. Кемінде алты түркістандық, үш солтүстік кавказдық, бес әзірбайжан, төрт грузин мен екі армян батальоны 1942-1943-ші жылдары Кавказдағы герман армиясының шабуылына қатысты [9, б.78].

Түркістан легионының тарихын қарастырғанда Ресейдегі патшалық самодержавие билігі құлағаннан кейінгі Түркістандағы қалыптасқан саяси жағдайды талдамай кетпеу мүмкін емес. Себебі осы кезеңдегі елдегі жағдай түркі тілдес әскери тұтқындардың легионның құрамына кіруіне ықпал еткен негізгі себептер мен шарттарды түсінуге мүмкіндік береді.

Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында, 1936-шы жылға таман кеңестік билік үшін бағындыруы ең қиын және ауыр міндет болған Түркістанның географиялық сипаты толық өзгерді. Барлық Орталық Азия аумағы ұсақ әкімшілік бірліктерге бөлініп, олардың шекаралары қандай да бір логикалық түсіндірмесіз анықталды. «Түркістан» сөзі география мен тарих оқулықтарынан алынып тасталып, тек Қазақстандағы қала атауында қалды. Ресейдің болашақтағы геосаяси жоспарларына жол ашатын Орталық Азия мен Қазақстан түсініктері енгізілді.

Герман армиясындағы мұсылман отрядтарының пайда болуын түсіндіретін үш негізгі жағдай бар, олардың әрқайсысының өзіндік ерекше факторлары бар. Біріншіден, Бұл Рейхтің Орталық Еуропа мен Еуразиядағы экспансионистік бағдарламасы. Екіншіден, 1941 жылғы маусымдағы Кеңес Одағына жасалынған неміс шапқыншылығының салдары және одан кейінгі ауқымды Еуропалық Кеңес аумағының бөліктерінің оккупациялануы. Үшіншіден, бұл ұзақ уақытқа созылған жергілікті және субөңірлік қақтығыстар. Олар екінші дүниежүзілік соғыспен байланысты емес, бірақ одан сайын нашарлаған нацистік Германияның одақтастары мен қарсыластары арасындағы қақтығыстар еді.

1941 жылдың 22 маусымындағы соғыс басталғанға дейінгі онжылдықтарда КСРО-да кез-келген билікке қайшы пікір әрекеті үшін өз азаматтарын аңду, қырып-жою уақыты болатын. Бұл өз кезегінде нацистердің түркі халықтарының ұрпағы болған жаңа кеңестік адамдарға қызыл террордың өз әсерін тигізіп, коммунистердің тоталитарлық режиміне қарсы көзқарастың қалыптасуын пайдалануына мүмкіндік берді. Халықтың арасындағы билікке наразы көңіл-күй кеңес азаматтарынан, соның ішінде әскери тұтқындардан әртүрлі әскери құрылымдарды құру идеясының қалыптасуына әсер етті.

Ресей Федерациясының саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау бойынша Комиссияның мүшелері олардағы кеңес әскери тұтқындарының үлесі шамамен 60%-ды құрады, ал қалғандары жергілікті тұрғындар мен эмигранттар болды деп атап өтеді [10].

Альфред Розенберг дайындаған Гитлердың шығыс саясатына (Ostpolitik) сәйкес негізгі назар кеңес азаматтарының әлеуметтік-саяси наразылығына, орталық билік пен ұлттық республикалар арасындағы терең қарама-қайшылықтарға бөлінді. Большевиктердің терроры мен зорлығы нәтижесінде пайда болған бұл қайшылықтар нацистердың жоспарлауы бойынша халықтың орталық биліктің бақылауынан шығып, кеңес жүйесінің іштен ыдырауына әкелуі тиіс еді.

Рейх басшылығы 1941 жылдың соңында шығыс саясатының арнасында Германия аумағындағы нацистік мүдделердің қорғаушысы ретінде кеңес азаматтарының негізгі бөлігін пайдалану туралы шешім шығарады. Олардан этникалық белгісі бойынша әскери құрылымдар құру жоспарланды.

В. Шелленберг, Империялық қауіпсіздіктің бас басқармасының VI-шы бөлімінің басшысы «өз өмірлерін де құрбан ететін идеалдарды ойлап табуды» ұсынды. Национал-социализм идеалдары оларға таңсық болды. Мұндай идеалға олардың ұлттық автономия құруға деген үміті айнала алады деп жоспарланды [11].

Кеңес Одағы екінші дүниежүзілік соғысқа билік басындағы большевиктік партиямен енді. Сталин мен оның саясатымен күшейген партиялық және мемлекеттік билік КСРО-дағы «ұлттық мәселені» айқындады. Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы Ресейдегі түркі халықтарының жағдайын түсіну үшін большевиктердің билікке келуін сипаттаған дұрыс.

1917 жылы Ресейдегі билікке қолына алған большевиктердің қалыптасуы XIX ғасырда болды. 1898 жылы Плеханов бірінші саяси партия - Социал-демократиялық жұмысшы партиясын құрды. Бұл партия 1903 жылы бөлініп, большевиктер мен меньшевиктер пайда болды. Большевиктік партияның көшбасшылығын Владимир Ильич Ульянов, яғни Ленин алды.

1917-1923 жж. қанды азаматтық соғысынан кейін большевиктер билікті өз қолында шоғырландырып, басқа саяси партиялар мен оппозициялық топтарды жойды. Жаңа саяси қозғалыстарды ұйымдастырғысы келген адамдар ревизионистер немесе халық жаулары ретінде айыпталды.

1917 жылы билік басына келгенге дейін большевиктердің көшбасшысы В. Ленин танымал болып кеткен «өзін-өзі анықтау құқығы» ұранына түсіндірме берді. Ол бойынша «өзін-өзі анықтау» бұл ұлттардың басқа ұлттық құрылымдардан саяси бөлініп, тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуын» білдіреді деп жариялады [12]. Ленин Кеңес одағынан «бөліну» саясатына қарсы болды. Ол «большевиктер Хиуа хандығындағы шаруа хиуалық ханның қарамағында өмір сүргенін қаламайды. Олар революцияны жалғастыру арқылы езгідегі халықтарға әсер етуі тиіс» [13].

Лениннің анықтауы бойынша Ресейден «бөлініп шыға алмаған» ұлттарға мәдени құқықтар да, федерализм немесе автономия да берілмеуі керек. Ресейдегі ұлт үшін жалғыз таңдау бұл толық тәуелсіздік пен жаңа мемлекетті құру. Сондықтан федерализм мен «экстерриториалдық мәдени автономия» қабылданбайды.

Қызыл армиядағы жауынгерлердің негізгі бөлігі алғашқы төрт айда тұтқынға айналды (бұл 3,6 миллион адам, толық соғыс жылдары – 5 миллион 734 мың адам). Өзбекстандық ғалымның жазуынша 1941–1942 жылдары Қызыл армиядағы 1 млн 700 мың түркістандық тұтқынға түскен [3, б. 54]. Олар әлсіз қаруландырылған, көбінің мылтықтары да, сапер күректері де болған жоқ, ал тұтқынға түсіп, бірден сәтсіздікке ұшырады.

Белгілі болғандай, 1930-шы жылға дейін Орта Азия халықтары әр түрлі себептермен әскери қызметке алынбаған еді. 1941 жылы Қызыл армияға барлығы 4 млн. 847775 түркістандық (өзбектер, қазақтар, түркімендер, қырғыздар мен тәжіктер) шұғыл түрде шақырылып, мыңдағаны қайтыс болды, көбі тұтқынға түсті. 1941 жылдың жазы-күзінде Қызыл армия жеңіліске ұшырау нәтижесінде жауынгерлерді толықтыруға деген сұраныс күшейген тұста түркістандық аймақтың адамдары қажетті әскери дайындықсыз, тіпті әскери техника және жаңа қарумен таныс болмай майданға аттандырылды. Соғыстың бастапқы уақытындағы қару-жарақ дефициті де өз әсерін тигізді. Сондықтан да түркістандықтар қорғануы тиіс немесе шабуылға тіпті қарусыз шығуға мәжбүр болды. Орта Азия республикаларынан шақырылған қызыл армиялықтардың басым бөлігі көп уақыт өтпей фашистік тұтқынға түскені таңқаларлық жағдай емес. Жауынгерлердің арасында өз еркімен фашистерге берілгендер де болды [2, б. 53].

Легион мәселесі қаралған әдебиеттерде кеңес әскери тұтқындарының жалпы саны әр түрлі бағаланады. АҚШ зерттеушісі Александр Долин 1941 жылдың соңына таман фашистердің қолына тұтқынға түскен кеңес азаматтарының саны 3 млн 355 мыңды құрады деп жазады. Неміс ғалымы Христиан Штрайт кеңес тұтқындары 3,9 млн адам болды деп атап өтеді. 1941 жылдың 1 мамырына таман олардың саны 5млн. 163мың 381 адамға

жетті. Оның мәліметтері бойынша, 2 млн 420 мың кеңес азаматтары концлагерлерде қайтыс болған немесе жоғалған. Әдебиетте әскери тұтқындардың саны бойынша ең көп мәлімет ретінде 5млн. 734528 адам құрағандығын атап өтеді. Бұл туралы 1945 жылдың ақпанында Ялта конференциясының ашылуы алдында жарияланды [5, б. 39].

Ортаазиялықтар герман армиясы және Ваффен СС құрамында да шайқасты. Алайда бұлар шығу тегі мен ұйымдастырылуы бойынша екі түрлі орган болып табылады. Олардың құрылуын қарастыру арқылы ғана атқарған негізгі қызметін ұғынуға болады.

Германиядағы ұлттық-социалистік (нацистік) қозғалыстың белсенді кадрлары *Sturmabteilung* немесе қысқаша СА болды. 1952 жылы ақпанда Нацистік партия қайта құрылған тұста шабуылдық жасақтар оның құрамына кірді. 1929 жылы Гитлердің өзі осы ұйымның көшбасшысына айналды. 1931 жылы Эрнст Ремды шабуыл жасақтарының басшысы етіп тағайындады. Осы жылы оның мүшелерінің саны 260 мыңға жетті. Бұл әсіресе жұмыссыз жастардан құралған топ Гитлердің өзіне адал болмады. Сонымен қатар, олар Гитлер қалаған қызметті қамтамасыз ету үшін

Жеткілікті деңгейде тәртіпті болмады [14, б. 1].

Шабуыл жасақтарының ішіндегі физикалық күш тұрғысынан мықтырақ 200 мүшесі Гитлердің жеке оққағары ретінде таңдалды. Бұл оққағарлардың тобы бастапқыда *Stabswache* (штаб күзеті), кейіннен *Stosstrupp Adolf Hitler* (Адольф Гитлердің соққы жасағы), ең соңында *Schutzstaffeln*, қысқаша СС деп аталды.

1933 жылдың 17 наурызында онжылдық уақытта үшінші рет Гитлер оның бұйрығына бағынатын жеке күзет тобын құру туралы жарлық шығарды. Йозеф Зепп Дитрих СС құрамынан 120 адамнан тұратын топты құрды. Бұл топ тарихта *SS Stabswache Berlin* (СС Берлиннің штабтық гвардиясы) деп аталып, болашақ Ваффен СС-тың негізіне айналды [15]. Ел басшысы ретінде саяси билігі күшейе бастаған Гитлер Вермахтты (Германияның қарулы күштері) қолдау қажеттілігін түсінді. Ол кейбір әскери басшылардың ықпалымен шабуыл жасақтарын таратып жіберді. Бұл ұйымның мүшелері 1934 жылдың 30 маусымы-2 шілдесі аралығында жойылды. Ал Қорғаныс эшелоны (СС) болса, 20-шы шілдеде Гитлердің бұйрығымен Ұлттық-социалистік неміс жұмысшы партиясы ішіндегі тәуелсіз ұйым мәртебесіне көтерілді. Рейсфюрер Қорғаныс эшелонының жоғарғы фюреріне тікелей бағынуы тиіс болды [16].

1936 жылы Ваффен СС екіге бөлінді: *the SS Verfügungstruppe* (СС-тың диспозициялық әскерлері) және оған *Leibstandarte* қосылды. Екінші топ *SS Totenkopfverbände* («Өлім әскерлері») [17, б. 9]. Генрих Гильмердің анықтауынша, Вермахт Германияның сыртынан, ал СС ішінен қорғайды. Алайда тәуелсіз Ваффен СС-тың толық міндеттері халыққа жарияланбады. Осы жағдайда армия мен оның жеке құрамы ұлттық-социалистік идеологиядан алыстау болғандықтан, нацисттер Ваффен СС армияға нацистік идеологияны енгізуде шешуші рөлге ие болатынына болжай білді [17, б. 17].

1933 жылдың қыркүйегінде Гитлер өзінің оққағарларын *Leibstandarte SS "Adolf Hitler"* («Адольф Гитлер» СС гвардиялық полкі) деп атады. Ваффен СС-тың тарихындағы бетбұрыстық кезең 1933 жылдың 9 қарашасында жаңадан құрылған гвардиялық оққағарлардың ант қабылдауы болды. Осы әрекеті арқылы олар өздерінің фюрермен сөзсіз байланыста екендігін көрсетті. Сонымен қатар, ант қабылдау рәсімінің маңыздылығы – осы күннен бастап Ваффен СС-тың рейсфюрер Гимлер мен Ұлттық-социалистік неміс жұмысшы партиясының бақылауынан шыққандығында еді. Енді гитлерлік гвардия Вермахт пен полициядан тәуелсіз қарулы күштер ретінде көрінді. Бұл жаңадан құрылған күш мемлекет пен партиядан жоғары тұрып, тікелей Гитлермен байланыста болды.

Неміс армиясы әуел бастан әр түрлі ұлттардан құралған қарулы бөлімдерді құруға қарсы еді. Мұндай қатаң ұстаным 1941 жылдың соңына таман толық бас татылды. 1941 жылдың желтоқсанында Розенберг «түрік легиондарын» құру қажеттілігі көрсетілген меморандумды Гитлерге ұсынды. 1941 жылдың 14 желтоқсанында Гитлер бұл жоспарды бекітіп, вермахттың жоғарғы басқармасы ресми түрде бір түркістандық, бір армениялық, бір грузиялық және мұсылман кавказдық легионның 1941 жылдың 30 желтоқсанына дейін құруға бұйрық берді [18, б. 9]. 1942 жылдың 13 қаңтарында Жабдықталған армияның бастығы мен Көмекші армияның қолбасшысы Майер-Мадердың басшылығындағы Түркістандық және Кавказ-мұсылмандық армияның құрылуы туралы бұйрық шығарды. Ол жоғарыда аталған жеті дивизиядан жауынгерлерді таңдап, оларды Түркістан легионына қосуы қажет болды.

Шығыс легионының құрамындағы Татар легионы тарихын зерттеген И. Гилязовтың жазуынша, Шығыс легионының жекелеген батальондары әскери іс-қимылға қатысты. Кемінде алты түркістандық, үш солтүстік кавказдық, бес әзірбайжандық, төрт грузин және екі армян батальоны 1942-1943 жылдардағы герман армиясының шабуылына қатысты [9, б. 78].

1942 жылдың 18 ақпанынан Ромбертовтағы (1942 жылдың жазынан Радомдағы) Түркістан легионын даярлайтын әкімшілік органы Шығыс легиондарын құру штабы (*Aufstellungsstab der Ostlegionen*) болды. Біршама уақыттан кейін оның атауы штаб деп қысқартылып, ал 23 қаңтардан Шығыс легиондарының басшылығы (*Kommando der Ostlegionen*) болып өзгертілді (420, б. 31-32). Әскери тұтқындар мен Кавказ, Орта Азия халықтарын легимонға көндіру жұмыстарын «К ұйымдастыру штабы» атты арнайы бөлім жүргізді. Сонымен қатар лагерлердегі әскери тұтқындар арасында насихат жұмыстарын жүргізетін арнайы бөлім

құрылды. Бұл бөлімнің ұйымдастырушылық міндеттері де болды. Ол этникалық орыстарды кавказдықтардан бөліп отырды [18, б. 49].

1942 жылдың 19 ақпанынан Түркістан легионының басқолбасшысы Майер-Мадер Скерневицтағы 1-ші батальонның құрамынан «450-ші Түркістан жаяу әскер батальонын» дайындау үшін тағайындалды. Ол жаңа құрылатын легионды шайқасқа дайындауы қажет болды. Сонымен бірге оған осы жоғарыда аталған қаладағы 2-ші батальонның жұмысын күшейту міндеті тапсырылды. Наурыздың басында штаб атты 450-ші жаяу әскер батальоннында келесі бөлімдер болды: 1-ші қырғыз ротасы, 2-ші өзбек ротасы, 3-ші қазақ ротасы, 4-ші түркмен ротасы, тәжік взводы, шығыс татар взводы, пулемет взводы қырғыз, өзбек пен қазақ жауынгерлерінен құралды, сосын аралас танкіге қарсы взвод, саперлік пен ауыр гранатоментті взводтар [19, б. 30]. (420, б. 31-32). 1942 жылдың наурызында оккупацияланған кеңестік аумақтарда сәйкесінше қатар құрылды.

Түркістан легионы Легионово қаласында қарақалпақтар, қазақтар, қырғыздар, тәжіктер, түркмендер, өзбектер және басқа да дүңгандар, ирандықтар, қашғарлар сияқты азшылықты құраған ұлттар мен тұрды.

Түркия зерттеушісі А. Кара легионның құрылуын осылайша сипаттайды: «Шуақты сәуірдің күні жүк машинасы Варшавадан оңтүстік-батысқа қарай отыз шақырымдық жерде орналасқан Легионово қаласына келді. Мұнда жүк көлігі әскери лагерьдің алдына тоқтады. Орталықта ағаш барақтармен қоршалған қызыл кірпіштен жасалынған және мырышталған шатырлы ғимарат тұрды. Бұрын поляк армиясының әскери гарнизоны осында орналасқан, ал қазір ол әскери тұтқындар лагеріне ұқсамай тұрды. Мұнда Кеңес армиясының құрамында тұтқында болған түркітілдес жауынгерлер әскери дайындықтан өтті. Әскери дайындықтан өткен тұтқындардың қатарынан неміс армиясының құрамында Түркістан легионы құрылды. Легион Дагджи Легионовоға келгенге дейін шамамен бір ай бұрын құрылған сияқты. «Қорқынышты жылдар» романында тұтқындардың бірі: «бір ай өтті. Берлиннен адамдар келді. Олардың арасында неміс тілін еркін білетіндер де бар. Бізді алаңға жинап алып, болды жалынды баяндамалар жасай бастады. Олар бізді Түркістан тәуелсіздігі үшін күрес жолына тұруға шақырды». [3, б. 40].

Олаф Каро деген ғалымның жазуынша, үш түркістандық батальон Сталинградтық бағыттағы шабуылға қатысқан, атап өтерлігі легионерлердің көбі қайтыс болған, ал алты батальон соғыстың ең соңында Берлиннің қорғауда қатысты [20].

Бірақ, Шығыс батальондарының барлығы бірдей неміс қолбасшылығының үмітін ақтамады. Сондықтан, 1943 жылы олар тылдық салаларда жиі қолданыла бастады: партизандарға қарсы күрес, темір жолдар мен елді мекендерді қорғау, кеден қызметін атқару және т.б. мұндай қолдану анағұрлым кең болды.

1943 жылдың тамыз айының ортасында Львов аймағындағы Шығыс легионерлерінің жалпы саны 31 мың болды. Тәртіптің құлдырауы, жауынгерлердің ашық соғысқысы келмеуі, легионерлердің партизандар жағына өту фактілерінің жиілеуі, «жау насихатының» күшеюі әскери басшылықтың сенімсіз бөлімдерді алып тастауға мәжбүр етті, олардың орнына жаңаларын жіберді. Алайда, жаңадан келгендер де сондай әрекеттерін көрсетті ... « [9, б. 78]. 1943 жылдың 29 қыркүйегінде Гитлер бұл құрылымдарды Шығыстан Батысқа ауыстыру туралы қаулы шығарды, сол себепті Шығыс легиондарының қолбасшылығы Францияның оңтүстігіндегі Мийо қаласына ауыстырылды [9, б.78-79].

1943 жылдың аяғында Түркістан легионы Шығыс легиондарының басқа құрамалардың құрамында Францияға жіберілді.

Бірақ осы уақытта КСРО-да армия тылында құрама-жіберу пункттерін құруды көздейтін 1941 жылғы 27 желтоқсандағы Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің қаулысы белсенді түрде іске асырыла бастады. Бұл пунктілерге тұтқында болған және жаудың айналасында болған бұрынғы қызыл әскерлердің барлығын олардың арасында тыңшылар мен диверсанттарды анықтау мақсатында жіберу керек еді. Олар жау армиясының тұтқынға алынған сарбаздары ретінде қарастырылды. Олар 1942 жылы 13 қаңтарда Ішкі Істер Халық Комиссары Л.П. Берия бекіткен Ішкі істер бойынша халық комиссариатының арнайы лагерьлерінде Қызыл Армияның бұрынғы әскери қызметшілері, тұтқында болған және қарсыластың қоршауында қалғандарды ұстау тәртібі туралы Уақытша нұсқауларға» сәйкес қаралды. Арнайы лагерьлер желісі құрылды. Кеңес Одағына оралған әскери тұтқындар мен оралмандардың ағымы 1944 жылдан бастап күрт өсті, осыған байланысты Ішкі істер бойынша халық комиссариаты, Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігі және СМЕРШ әскери қарсы барлау қызметі алдында (қысқартылған түрде «Шпиондарға өлім!») әрбір келушіні тексеру міндеті қойылды. Бұл ондаған емес, жүздеген мың, миллиондаған азаматтардың тағдырына қатысты еді. Ресей Федерациясының жоғарыда аталған комиссиясының құжатында айтылғандай, «әскери тұтқындарға қатысты қатыгез, адамгершілікке жатпайтын қарым-қатынас жеңістен кейін де көптеген жылдар бойы сақталды» [21].

1944 жылы басталған қызу шайқастар, Қызыл Армияның әскерлерінің көп адам шығындары жаңа толықтыруларды қажет етті. Сондықтан тексеруден кейін әскери тұтқындардың бір бөлігі армияға жіберілді. Неміс армиясында, арнайы неміс құрылымдарында қызмет еткен көптеген әскери тұтқындар, сондай-ақ «власовтар» ұрыс кезінде немесе Германияны жеңгеннен кейін ұсталды. «Власов» армиясының командалық кадрлары, бейбіт азаматтарға, партизандарға, кеңес және одақтас әскерлерге қарсы жазалау операцияларында болған неміс әскерлерінің белсенді қатысушылары анықталды. Бұл адамдардың істері, әдетте, үштіктермен,

яғни Ішкі істер бойынша халық комиссариаты, Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігі және «СМЕРШ» өкілдерімен қаралды [21, б. 98].

Сталин әскери тұтқындардың құқықтары туралы конвенцияға қол қоймады. Халықаралық Қызыл крест ұйымының кеңес басшылығына кеңес өкілдерінің әскери тұтқындарымен кездесуін өткізу туралы бірқатар ұсыныстары мен жолдаулары көсеммен қабылданбады [22]. Осы өз адамдарымен бас тартқан тірі және ес-түссіз жатқан жауынгерлердің жағдайын ескеріп, олардың құқығын қорғауға Мұстафа Шоқай бел буды.

Мұстафа Шоқайдың жан жары Мария Шоқайдың жазған мемуарлық еңбектері Мұстафа Шоқайдың Түркістан легионына қатысы барлығын ашуда және оның мемлекеттік тұлға ретіндегі саяси көзқарастарын ашып көрсетуде таптырмас дереккөзі. Ол естеліктерінде Мұстафа Шоқайдың Түркістанның тәуелсіздігі идеясына қатысты көзқарасын қалыптастырудағы қызметіне қатысты келесідей сипаттайды: «Мұстафа тар ауқымды ұлтшылдықтың қарсыласы болды. Ол Түркістан халықтарын біріктіру ұстанымында еді. Орыс ұлшылдары осыны мойындады, бірақ Түркістан халықтарының мүдделерімен де, шыққан тегі орыс емес басқа да халықтардың мүдделерімен санасқысы келмеді. Бұл орыс демократиясының қағидасы Мұстафаның абыройына зор нұқсан келтірді. Сондықтан да ол 1923 жылы орыс демократтары және орыс мерзімдік баспасымен қарым-қатынасын үзді» [23, б.24].

Мұстафа Шоқай «Яш Туркестан» журналының материалдарында большевиктердің мәліметтерінің өзін келтіре отырып, құжаттық негізде Түркістандағы ішкі саяси мен экономикалық жағдайға талдау жасайды. Оның мақалалары фактілерді дербес, объективті талдау, ақ эмигранттық топтарда басым болған большевизмді бағалаудағы асыра сілтеушіліктің ықпалының жоқтығымен ерекшеленеді. «Яш Туркестанның» 1929-1933 жж. аралығында жарияланған барлық 117 нөмері әр түрлі ауқымдағы мәселелерді қамтыды. Олардың арасында үш негізгі бөлімді атап көрсетуге болады:

а) кеңестік Түркістандағы саяси-экономикалық жағдай;  
б) большевиктердің сыртқы саясаты; в) Еуропа мен әлемдегі саяси оқиғалар.

1928 жылы француз тілінде Мұстафа Шоқайдың «Chez les Soviets en Asie Centrale» («Туркестан под властью Советов») монографиясы жарық көрді. Мұстафа Шоқайдың өзі атап өткендей, монографияны жазуға кеңес үкіметінің шақыруымен келген француз коммунистері делегациясының баяндамасы түрткі болған. Социалист Пьер Реноделдің кітапқа алғы сөзінде жазылғандай: «Әрине автор көрсеткен жасырын тұстарға қатысты фантастикалық мәлімдемелер жасайтындар оны Түркістандағы кеңес билігінің бар бейнесін ашқанына сынауы мүмкін. Олардың өкінішіне орай, Шоқа й мырза ең жақсы, ең сенімді тәсілді қолданды. Ол өз оқырманын сендіре білді. Ол мұны большевиктік құжаттардың өзіне сүйеніп жасайды» [24].

Мұстафа Шоқай өз мақалалары мен монографиясында Түркістандағы қарсылықтың пайда болуына әкелген кеңестік саясатқа қатысты көзқарасын білдірді. Сталиндік ұлттық саясат жүзеге асырылған әлеуметтік жағдайды ол осылайша сипаттайды: «Большевиктердің ауылдардағы социалистік құрылысы» дегеніміз бұл: біріншіден, қазақ ауылдарына орыс қоныстанушыларын енгізу; екіншіден, қазақ тұрғындарының малын ортақ қолдануға беру; үшіншіден, әр түрлі нәсілдік негізде колхоздар мен совхоздарды құру. Бұл саясаттың нәтижесінде түркістандықтардың бойынан түркілікті жою мен жекелеген қазақ ұлтын қайта қалыптастыру. Нәтижесінде Қазақстанда тұратын өзбектер, түркмендер, қырғыздар мен басқа да қандас бауырлар «өгей балаларға» айналдырылып, ал Қазан төңкерілісін жүзеге асырған орыс келімсектер біздің аға-інілеріміз болады, оларға халықтардың көшбасшысы рөлі беріледі» [7].

Немістер тарапына жауынгерлердің арасында өз еркімен өткендер болғанын неміс ғалымдары да атап өтеді. Неміс ғалымдарының жазуынша, кеңестік әскери қызметкерлердің басым көпшілігі (3,6 млн. адам) тұтқынға түсті немесе соғыстың алғашқы төрт айында немістерге өз еркімен берілді, ал неміс армиясы өз кезегінде 2 миллион адамға жоспарлап концлагерлер дайындаған еді [25]. Жау қолында қалған кеңес жауынгерлерінің көлемінің көптігі басқа да шетелдік авторлармен баяндалады: «1941 жылы немістердің ұстап алған әскери тұтқындарының санының көптігі тек әскери шабуылды ғана емес, ірі көлемді дезертирлік әрекеттерді көрсетеді. Оң мыңдаған орыстар немістер тарапына өтті» [26, б.300]. Осы жағдайға байланысты ағылшын тарихшысы Д. Гренвилл «егер КСРО-ның ыдырауы екінші дүниежүзілік соғыс басталғанға дейін орын алған да, соғыстың нәтижесі басқа болар еді» деген болжам жасайды [26, б. 323].

Неміс тарабының мәліметтері бойынша 1942 жылдың мамырында ресми түрде қашқындардың саны 10962, маусымда - 9136, шілдеде - 5453, тамызда - 15345, қыркүйекте - 15011, қазанда - 79769 адамды құрады. 1943жылы олардың саны күрт азайып, 26108 адам болды [9, 79].

1941 жылдың 22 маусымында Германияның Кеңес одағына шабуылы күні Парижде «құрметті тұтқындар» ретінде Ресейден кеткен үш жүз эмигрант тұтқындалып, Компьен қамалына қамалды [27]. Осы қамалда үш апта бойы Мұстафа Шоқай да болды. 1941 жылдың 22 маусымындағы Мұстафа Шоқайдың қамалуы туралы Мария Шоқай келесідей баяндайды: «Бұл шамамен сағат үш кезі болды... мен алдымен ерлердің етіктерін тарсылын естідім ... бізге қоңырау шалды. «Бұл Шоқайдың пәтері ме?. Ашыңыз», - деді Мұстафа ... Үшеуі неміс формасында тұрды. Олардың бірі аяғын есік пен қабырғасына арасына қойып, бәрі кірді. Мұстафа жақында ораламын алаңдама деді. «Бұл әдеттегі құжаттарды тексеру. Тексереді және жібереді, - деді ол... Сонымен Мұстафаның заттарын жинай бастадым. Немістердің бірі менің соңымнан аңдып жүрді. Мен: «неге бізді

тұтқындайды, біз большевиктер емеспіз ғой? дедім. Ол бұл бұйрық деп жауап берді және қамауға алудың себептерін өздері білмейтінін айтты... Күні-түні мен күтумен болдым. Мұстафа қайта оралмады... Тұтқындалған орыстарды Компьен қамалында ұстауда деп кездейсоқ естіп қалдым... Екі апта өткеннен кейін 23 мамырда, яғни тұтқындалған күннің ертесіне жазған хатын алдым... Тағы бір апта өтті. Бір күні кешкісін сағат алтылардың кезінде есік қоңырауы шырылдады. Есікті ашып, Мұстафаны көрдім. Бұл сондай күтпеген қуаныш еді» [23, б. 104-105].

Өзінің үш апталық (22 маусым-13 шілде аралығы) Компьен қамалында болған уақыты туралы Мұстафа Шоқай былай деді: «Маған бір сағат бұрын радиодан сөз сөйлеу ұсынылды, бірақ мен отандас тұтқындарды көрмейінше насихатты жүргізбеймін деп бас тарттым. Маған істерімді бітіруге бір күн берілді... Мен қызығушылығымды туғызған адамдармен таныстым, олардың арасында орыстар да, шетелдіктер де болды... Мен өзімді олардың ортасында жасарып кеткендей сезіндім, студенттік кездерімді еске алдым, Петербургтегі студенттік шақтарды ойладым. Бізде Компьен орманында таза ауада тамаша лекциялар, саси диспуттар өткізілді. Мен де Түркістан туралы баяндама жасадым. Тыңдаушылар көп болды, олар баяндамаға риза болып, тағы да оқуым сұрады. Мен баяндама жасайтын күнімді белгілеп едім, аяқ астынан комендатураға шақырып, боссың деп жариялады. Тұтқындағы түркістандықтармен кездесуге қатты алаңдап жүрмін. Ортақ тіл таба алар ма екенбіз?» [28].

Мария Яковқызы «оралғаннан кейін екі күннен соң үйге таңғы сағат алтыларда екі әскери адам Мұстафаны әкетуге келгенін баяндайды. Мұстафа Шоқай ұзаққа кетпеймін деп ойлап, жылы киімдерін алмады. «Ең көп дегенде бір ай болармын деп кетті» [23, б. 105-106]. Осы кеткеннен одан хабар болмаған. Тек қарашада ғана Мұстафа Шоқайдың лагерлерге барғаны туралы алғашқы хаты келді. «Қарашада Мұстафа хатын жіберді. Ол әскери тұтқындардың жантүршіктірерлік азаптары туралы жазды. Бұл байғұс адамдар қорлыққа түсті, кез-келген қателігі үшін оларды атып тастады. Мұстафа бұл жайдың жанына қатты батып жатқанын және немістерден оларды аяуын жалына сұрағанын жазды. Ол еврейлер сияқты сүндетке отырғаны үшін ату жазасына кесілген 35 мұсылманның өмірін аман сақтап қалды. Лагерлерде адам жеу басталды. Суық аязда олар жауын мен қардан құтылу үшін қолдарымен орды қазды. Мұндайды көргенше өлген артық»- деп жазды Мұстафа Шоқай.

Кейіннен Мария Шоқай хаттарды Сувалки мен Ченстоховтан ала бастады. Өзінің соңғы хатында Мұстафа Шоқай былай жазды: «Менің түркістандықтармен кездесуім көп нәрсені өзгертті. Ол менің өз болжамдарының растығын көрсетті. Тұтқындардың арасынан өз туысымды кездестірдім. Қайтар кезде оны өзіммен әкетуге тырысамын. Менің үндеулерім әсері болған сияқты. Алда жұмыс көп. Мен бір өзім үлгермей бара жатырмы. Көмекші керек. Лагерьлерді карантинге жапқанша үлгеруім керек» [23, б.106-108].

Осылайша Мұстафа Шоқай лагерлерде болып тұтқындардың жағдайын жақсартуға барын жасауға тырысты. Бірақ, ол берлиндік дәрігерлердің анықтама қағазы мен моласындағы тактада жазылған 1941 жылдың 27 желтоқсанында қайтыс болды. Ал, легион келер жылы құрылды.

Қорытындылайтын болсақ, екінші дүниежүзілік соғыс кезеңіндегі әскери тұтқындар мәселесі, әсіресе Түркістан легионы әлі де зерттеуді қажет ететін тақырып. Кеңестік идеологиядан тысқары жаңа объективті көзқарас тұрғысында қазіргі уақытта Мұстафа Шоқайдың өз еңбектері, шетелдік мұрағаттары негізінде кеңестік тарихы бұрмалаушылық болғандығы айқын болып отыр. Түркістан легионы бұл бірден қалыптасқан жасақ емес, оның алғышарттары Түркістандағы соғысқа дейінгі саяси-экономикалық жағдайда жатыр. Ел азаттығын аңсаған халықтың рухын Мұстафа Шоқай көтере білді, бірақ ол легионды құрған емес.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Шакибаев С. Падение «Большого Туркестана». - Алма-Ата, Жазушы, 1972.
2. Хайитов Ш. А. Историческая судьба туркестанских военнопленных второй мировой войны. <https://cyberleninka.ru/article/n/istoricheskaya-sudba-turkestanskikh-voennoplennykh-vtoroy-mirovoy-voyny>
3. Абдукап Кар «Истина Туркестанского легиона– между свастикой и красной звездой». Исследование/перевод с казахского языка. – Астана, Исследовательский институт «Общественное мнение», 2015. – 98 с.
4. Коренюк Н. Трудно жить с мифами (генерал Власов и Русская освободительная армия) // Огонёк. 1990. № 46. С. 29–31; Катусев А. Ф., Опаков В. Г. Движение, которого не было, или история власовского предательства // ВИЖ. 1991. № 4. С. 18–28; № 7. С. 12–20; № 12. С. 31–41; Савченко А. Ничего, кроме правды? За что умирали солдаты РОА? // Независимая газета. 1991. 23 марта; Катусев А. Ф. Иуды (Власовцы на службе фашизма) // ВИЖ. 1990. № 6. С. 68–81; Перченюк Ф., Сидельников В. Прагу освобождали дважды // Московские новости. 1991. 5 мая; Пальчиков П. А. История генерала Власова // ННИ. 1993. № 2. С. 123-144.
5. Гилязов И. А. Военно-политический коллаборационизм тюрко-мусульманских народов СССР в годы Второй мировой войны. Автореф. дисс. ... докт. ист. наук. Казань, 1999.
6. Кокебаева Г.К. Германия–Россия–СССР: политика, война и плен. Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 345 с., Кокебаева Г.К. Из истории создания Восточных легионов: предпосылки и статистика. Вестник КазНПУ. Серия «Исторические и социально-политические науки», №1(60), 2019. – С. 89-

97; Көкебаева Г.К. Мұстафа Шоқай және Еуропадағы түркі эмиграциясы // Ұлы дала тарихы: тарихтан қазіргі заманға дейін». Халықаралық Еуразиялық форумның материалдары. 1-том / Жалпы ред. басқарған Е.Б.Сыдықов. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2019. – Б.142-148.

7. Садыкова Б. История Туркестанского легиона в документах. Алматы, 2002; Садыкова Б. Мустафа Чокай в эмиграции. Алматы: Мектеп, 2009. — 248 с.

8. Көкебаева Г.К. Из истории создания Восточных легионов: предпосылки и статистика. Вестник КазНПУ. Серия «Исторические и социально-политические науки», №1(60), 2019. – С. 89-97

9. Гилязов И. Восточные легионы: Тюрки в составе германского вермахта// Родина. 1999. №7. – С. 75-79.

10. Судьба военнопленных и депортированных граждан СССР. Материалы Комиссии по реабилитации жертв политических репрессий // Новая и новейшая история России. 1996. № 2. С. 95-96.

11. Шелленберг В. Секретная служба Гитлера. Мемуары начальника управления шпионажа и диверсий службы безопасности СД / Пер. с английского. - Киев, 1994. - С.123.

12. Vladimir Ilyich Lenin, “The Right of Nations to Self-Determination,” in Collected Works, vol. 20 (Moscow: Progress Publishers, 1964), p. 397.

13. Lenin, “Speech on the National Question” in Collected Works, The Revolution of 1917: From the March Revolution to the July Days, vol. 20, p. 314.

14. Gordon Williamson, Waffen-SS Handbook 1933-1945 (Gloucestershire: Sutton Publishing, 2005)

15. Williamson, Waffen-SS Handbook 1933-1945 (Gloucestershire: Sutton Publishing, 2005), p. 3, Stein, pp. 3-4.

16. English translation of the newspaper report in Völkischer Beobachter, July 26, 1934. “The Führer elevates the SS to a standing of an Independent Organization.” Document No. 1857-PS, the Avalon Project.

17. George H. Stein, The Waffen-SS: Hitler’s Elite Guard at War 1939-1945 (Ithaca and London: Cornell University Press, 1986), p. xxvii.

18. Romanko, “The East Came West: Muslim and Hindu Volunteers in German Service, 1941-1945,” p. 48.

19. Hoffmann J. Die Ostlegionen 1941-1943, Rombach Druck- und Verlagshaus. 1986.

20. Caroe, Olaf. Soviet Empire. The Turks of Central Asia and Stalinism. London-New York. 1953, p.251.

21. Судьба военнопленных и депортированных граждан СССР: Материалы Комиссии по реабилитации жертв политических репрессий // Новая и новейшая история России. 1996. № 2. С.93-94,96.

22. Halil Burak Sakal. Germany and Turkestanis during the course of the world war II (1941-1945). The department of international relations bilkent university ankara. july 2010

23. Чокай Мария. Я пишу Вам Ножана: Воспоминания, письма, документы. - Алматы: Кайнар, 2001.

24. Чокай-оглы М. Туркестан под властью Советов //Society for Central Asian Studies - Reprint series N 8 // Oxford, 1986. - С.31-34.11. von zur Muhlen, Patrik. Zwischen Hakenkreuz und Sowjetstern. Der Nationalismus der sowjetischen Orientvolker im 2.Weltkrieg., Dusseldorf, 1971, S.57.

25. von zur Muhlen, Patrik. Zwischen Hakenkreuz und Sowjetstern. Der Nationalismus der sowjetischen Orientvolker im 2.Weltkrieg., Dusseldorf, 1971, S.57.

26. Гренвилл Дж. История XX века: Люди, события, факты / Пер.с английского. - М.,1999.

27. Любимов Л. На чужбине. - Ташкент, 1965. - С.314; Шкаренков Л.К. Агония белой эмиграции. - М., 1987. - С. 184.

28. Яш Туркестан. Париж, 1949-1950. С.8.